

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ақтөбе қаласы білім бөлімі»

ММ

Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп - гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Ақтөбе қаласы  
Қобландин көшесі -4

31.05.2023ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.29.02 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 29.02 № 38.3 н/қ бұйрығының негізінде 01.03-29.03.2024ж. аралығында мектеп-гимназиясы қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 29.02 № 38.3-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

|    |                     |   |
|----|---------------------|---|
| 1  | Романова Ж.О.       | Мектеп-гимназиясы директоры   |
| 2  | Муханбедиярова Д.Б. | Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі             |
| 3  | Сулейменова А.С.    | Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі                              |
| 4  | Кушекбаева Ф.А.     | Директордың бастауыш кластар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі |
| 5  | Кулмурзина З.Ж.     | Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі                              |
| 6  | Матаева Б.З.        | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі                           |
| 7  | Жүсіп Г.Т.          | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі                           |
| 8  | Шанаева Д.Н.        | Тарих пәні мұғалімі, комиссия мүшесі  |
| 9  | Канжагулова А.А.    | Мектеп психологі, комиссия мүшесі   |
| 10 | Абилова Ж.М.        | Мектеп-гимназиясы есепшісі, комиссия мүшесі   |
| 11 | Суюндикова Н.Л.     | Мектеп-гимназиясы директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары                            |

Комиссия құрамы гимназияның қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.



## 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030002, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Н.Қобландин көшесі, 4 үй

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8(7132)73-03-67, 73-04-64

Электронды пошта: [6-mektep.aktgoroo.kz](mailto:6-mektep.aktgoroo.kz) Мектеп сайты: [school6-aktobe.edu.kz](http://school6-aktobe.edu.kz)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Романова Жания Орынжаевна «№53 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ директоры лауазымынан босатылып, 2022 жылғы 26 тамыздан бастап ротация тәртібімен «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ директоры лауазымына №204 бұйрығымен тағайындалсын.

Ұялы телефоны: 8-777-643-19-70

## Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 19 тамызда берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 23.02.1999 жыл, БСН 970240000740. Құрылтайшысы:

«Ақтөбе облысының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Гимназия жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігі 19 тамыз №К-100, 2021 жылғы қаулысымен бекітілген.

## Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 10.05.2024 жылы №KZ74RVK00057743 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 08.12.2022 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ70LAA00032891 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

### 2. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасы 2- тарауы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» 22-тармақшасы негізінде тәрбиеші қызметімен айналысатын екі жоғары педагогикалық білімі бар және екі арнаулы орта білімі төрт тәрбиеші кәсіптік қызметтерін жүзеге асырады.

Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылында төрт мектеп алды даярлық сыныбы жұмыс жасады. Төрт сыныпта 89 тәрбиеленуші болған.



2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары төрт сынып жұмыс жасаған. Педагог кадрлар саны – 4 тәрбиеші жұмыс жасаған. 2-і жоғары білімді, 2-і арнаулы орта білімді. Педагогтардың педагог-сарапшы-1, педагог-модератор-1, санаты жоқ -2.

Осылайша, 4 педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді. Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған. Педагогтардың сапалық құрамы 100 %

| № | Мұғалімнің аты - жөні                  | Диплом бойынша мамандығы   | Еңбек өтілі | Біліктілік санаты | Біліктілік арттыру курстары  |
|---|--|--|-------------|-------------------|--|
| 1 | Кушербаева<br>Нурзада<br>Каримқызы     | Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті «Педагогика, мектепке дейінгі балалар психологиясы» оқытушы және мектепке дейінгі тәрбие әдіскері<br>22.06.1998 | 36          | Педагог-сарапшы   | Өрлеу Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы<br>29.03-08.04.2021   |
| 2 | Құлымжанова<br>Ақмарал<br>Мирамжанқызы | Абай атындағы ҚазҰПУ «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Бакалавр<br>25.06.2023  | 4           | Педагог-модератор | Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. Филиалы<br>10.08.2021   |
| 3 | Ахметова<br>Жанаргүл<br>Жарылғасынқызы | Көпсалалы «Болашақ» колледжі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» Орта білім<br>30.06.2016   | 7           | -                 | Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми-әдістемелік орталығы<br>Педагогикалық шеберлік орталығы<br>16.05.2022 |
| 4 | Әуелбекқызы<br>Аяжан                   | Баишев жоғ.медиц. колледжі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»<br>2020  | 3           | -                 | Өрлеу Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы<br>11.03.-20.03.2024  |

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңының 37-бабы 4-тармағына сай (Білім беру ұйымдары басшы кадрларының, педагогтерінің біліктілігін арттыру үш жылда бір реттен сиретпей және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бес жылда бір



реттен сиретпей жүзеге асырылады) тәрбиеші және білім беру ұйымының басшылары кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

### 3. Тәрбиеленушілер контингенті

**Денгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**

Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп- гимназиясына жылма жыл білім алушылардың келуі бойынша өсім бар. Гимназияға қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп- гимназиясы» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп- гимназиясында 2021-2022 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 55 класс жиынтығында 1334 білім алушы оқыған. Яғни, әр класта толымдылығы бойынша 24-25 баладан келген. 2022-2023 оқу жылында 1-11 кластарда 58 класс жиынтығында 1402 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 24-27 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 63 класс комплектіде 1494 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 24-26 білім алушыдан келді.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

**Қорытынды:** Аталған оқу жылдарында білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары" талаптары сақталған. Гимназияның тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау– мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс



Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Бағаланатын кезеңге мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдасқан қызметтің кестелері тексеріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылғандығы анықталды.

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасы негізінде жасақталған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыстық оқу жоспарлары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйегінде №394 бұйрығының мектепалды даярлық класы 3-қосымшасы негізінде жасалған.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған қызметті бөлу.

2021 -2022 оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметін бөлу «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1- қосымшасы негізінде балалардың жас ерекшелігін ескере отырып құрылған.

2022-20223,2023-2024 оқу жылының Ұйымдастырылған оқу қызметін бөлу Оқу-ағарту министрінің Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығының 3-қосымшасы негізінде құрылып, балалардың жас ерекшелігін ескерілген.

Тәрбиелеу-білім беру қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген және осы бұйрыққа енгізілген өзгерістер ҚР Оқ-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық класында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруда 5 жастан бастап қабылданған балалар үшін үлгілік оқу жоспарының мектепалды даярлық класына арналған жүктеме алынған.

Вариативтік компонентті балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтарын дамыту мақсатында барлық апталық оқу жүктемесінің көлемі - 3 сағатты құрайды:

«Логика»- аптасына 1 сағат, жылына – 32 сағат.

Бағдарламаның мақсаты:

Оқушылардың математикалық білім, білік дағдыларын игерту;

Шығармашылық қабілеттерін арттыру;

Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау қабілеттерін дамыту;

Оқушының оқу мен жазу дағдыларын дамытып, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

«Логика әлемі» бағдарламасы баланың ойын, тілін, дыбыстық есту, көру кеңістігін,



математикалық аңғарымын, танымы мен қарым-қатынас дағдыларын, яғни пәнді оқып үйренуге тілдік дайындығын дамытады.

Оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өзі-өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді;

- Оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі деңгейде оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім,білік және дағдыларды қалыптастыру.

«Ана тілім – дара тілім» - аптасына 1 сағат, жылына – 32 сағат.

«Ана тілім – дара тілім» - белгілі бір тақырыпты оқыта отырып,балалардың дүниетанымын кеңейтіп, дұрыс байланыстырып сөйлеуге, дыбыстарды ажырата алуға үйрететін көмекші құрал. Бағдарламадағы берілген тапсырмалар балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендірілген.

Бұл бағдарламада мынадай жұмыстарға баса көңіл аударылады:

1. Балалардың сөздік қорын анықтау;
2. Балаларға ауызша қысқа-қысқа сөйлемдер құрату;
3. Ертегі арқылы балалардың қиялын дамыту, өз беттерінше ертегі құрастыруға үйрету.
4. Балалардың тіліне, сөйлеу мәнеріне көңіл аудару;
5. Мұғалімнің және жолдастарының сөздерін тыңдай білуге дағдыландыру.
6. Сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы ауызша түсінік беріп, сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа жіктеуге дайындық.

«Мейірімділік пен әділділік мекені» - аптасына 1 сағат, жылына – 32 сағат.

«Мейірімділік пен әділділік мекені» - Балалардың санасында мейірімділік, қайырымдылық сезімдері ұғымын бекіту. Баланың мейірімді сөздер айту қабілетін арттыру. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор бола білуге баулу. Әділдікке тәрбиелеу. Сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйретуді жалғастыру.

Жалпыадамзаттық мінез-құлық ережелеріне сүйене отырып, дүниеде болып жатқан оқиғаларға өз көзқарасыңды анықтауға, өзіңнің және өзгенің іс-әрекетін бағалауға, іс-әрекетті дұрыс таңдауға үйрету. Оқушылардың әлеуметтік мінез-құлық және рухани-адамгершілік құндылықтар саласындағы білімдерін өз бетінше толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 17 сағат, 3 сағат вариативтік компонентке қарастырылған апталық оқу жүктемесі – 20 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу іс - шараларының кестесі жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

Вариативті компонент бойынша қызметтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік компонент бойынша жоспарларды әзірлеуде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

**Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:**

2021-2022 оқу жылдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-тарауындағы «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» сақталған.

## 5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Қуыршақ,ұлттық киімдегі қуыршақ,маусымдық киімдегі қуыршақ, қуыршақ театрының жиынтығы, "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы,ойыншық жиһаз,ойыншық ыдыстар жиынтығы,машина Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы) жиынтығы,құммен ойнауға арналған жиынтық,ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық



ойыншықтармен қамтамасыз етілген.

Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Сонымен бірге дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар.

Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жихаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде №6 Хромтау гимназиясында 2022-2023 оқу жылында жихаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жихаздар, ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

#### **6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры**

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 68,4 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны -10, Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды.

Мектепте штаттық кесте бойынша екі кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі: Шайрова Гулнара Байзуллаевна, білімі: жоғары Қазақ мемлекеттік қыздар университеті. 2018, кітапхана ісі. Еңбек өтілі-19 жыл.

Кітапханашы Базарбаева Мейірім Жаңғылышбайқызы, білімі: жоғары Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті 2022, бастауыш класс мұғалімі. Еңбек өтілі-2 жыл.

#### **Кітап қоры туралы:**

Жалпы кітап қоры, 31332 Оның ішінде: Оқулық-30540; Әдістемелік-30; Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-50;

#### **Негізгі қор-2858 дана**

Қазақ тілінде- 2712 - 95% ; Орыс тілінде-145 - 5,4%; Ағылшын тілінде-1 - 0,03%

#### **Материалдық-техникалық база**

Кітапхананың жалпы аумағы – 68,8 шаршы метр; Оқулықтар қоймасы-60

буккроссинг алаңы, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

#### **Кітапхананың техникалық жабдыкталуы:**

Компьютер-11,

Оның ішінде:

Оқырманға- 10 компьютер

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернетке қосылған

Автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе MARK SQL –мектеп кітапханасы

Каталогизация, қажет кітапты іздеу, кітаптың сипаттама карточкасын шығару.

Электронды каталог бар.

#### **7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі

болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-

қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

2-тарауы «Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына

қойылатын талаптар» 7-тармақшасы, 4-тарауы «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне

қойылатын талаптар» 16, 17, 20 - тармақшаларына және ҚР Оқуағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік



жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Тәрбие мен оқыту 9 нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» 7, 8, 9, 10, 11 - тармақшаларына сәйкес меңгеруге тиіс, игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемінің игерілгенін, жас ерекшеліктеріне сай тәрбиеленушілердің түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу нәтижелерінен және қорытынды мониторинг нәтижелерінен көруге болады.

Бағаланатын кезеңдер бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал ететін балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі оқу жылы басында, қыркүйек айында - бастапқы, ортасында қаңтар айында - аралық және оқу жылы соңында, мамыр айында – қорытынды диагностика жүргізілген.

2021-2022 оқу жылында бастапқы, қорытынды балалардың даму деңгейінің мониторингі және 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы балалардың даму деңгейінің мониторингі 2020 жылғы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес жүргізілген.

2022-2023 оқу жылының аралық және қорытынды балалардың даму деңгейінің мониторингі және 2023-2024 оқу жылдарының бастапқы және аралық балалардың даму деңгейінің мониторингінде білім беру салалары ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7-11 тармақтарына сай физикалық даму, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығаршамашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру дағдыларымен ауыстырылып жүргізілген. Барлық өткізілген диагностика нәтижелерін тәрбиешілер бақылау парағында білім беру салалары бойынша толтырып, жиынтық есеп жасаған. Бақылау парақтарынан алынған мәліметтер негізінде әр тәрбиеленушінің жеке даму картасы толтырылған.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

### 8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

**Зерделеу барысында:** : Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 19 наурыз күні білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

**2023-2024 оқу жылында** наурыз айының 19 күні мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға мектепалды даярлық сыныбының ата-аналары және мектепалды даярлық сыныбының 4 тәрбиешісі қатысты.

Мектеп - гимназия жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші – **97%-5 балл** құрады. Ал сабақ беретін тәрбиешілердің 4 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетті.

### МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

| № | Сұрақ                                   | Толық келісемін | Келісемін | Келіспеймін | Толық келіспеймін |
|---|---|-----------------|-----------|-------------|-------------------|
| 1 | Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады | 57              | 21        | 4           | 3                 |



|          |   |       |       |      |      |
|----------|---|-------|-------|------|------|
| 2        | Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар   | 53    | 26    | 1    | 4    |
| 3        | Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз  | 68    | 14    | 0    | 2    |
| 4        | Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз   | 55    | 25    | 2    | 4    |
| 5        | Мұғалімдер әдеп нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды   | 59    | 21    | 1    | 1    |
| 6        | Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?   | 63    | 19    | 1    | 1    |
| 7        | Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді  | 63    | 22    | 0    | 0    |
| 8        | Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген  | 46    | 23    | 7    | 4    |
| 9        | Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз   | 61    | 21    | 2    | 1    |
| 10       | Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі       | 53    | 20    | 6    | 3    |
| 11       | Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз   | 56    | 25    | 1    | 1    |
| 12       | Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?  | 45    | 20    | 13   | 5    |
| 13       | Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе мына жерді көрсетіңіз. Сізде шағымдар болса, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жүгіне аласыз | 52    | 24    | 5    | 2    |
| Барлығы: |   | 56,2% | 21,6% | 3,3% | 2,3% |

#### МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

| № | Қатысқан ата-ана саны | Толық келісемін | Келісемін | Келіспеймін | Толық келіспеймін |
|---|-----------------------|-----------------|-----------|-------------|-------------------|
| 1 | 80                    | 56,2%           | 21,6%     | 3,3%        | 2,3%              |

#### МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

| № | Сұрақ  | толық келісемін | келісемін/ иә | келіспеймін/ жоқ | толық келіспеймін |
|---|--|-----------------|---------------|------------------|-------------------|
| 1 | Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді | 4               | 0             | 0                | 0                 |
| 2 | Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін           | 4               | 0             | 0                | 0                 |



|    |   |       |      |      |      |
|----|---|-------|------|------|------|
|    | жағдайлар жасалған  |       |      |      |      |
| 3  | Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 4  | Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 5  | Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған  | 3     | 1    | 0    | 0    |
| 6  | Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 7  | Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді  | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 8  | Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 9  | Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде  | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 10 | Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді  | 3     | 1    | 0    | 0    |
| 11 | Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар  | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 12 | Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 13 | Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 14 | Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды  | 3     | 1    | 0    | 0    |
| 15 | Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған   | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 16 | Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады  | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 17 | Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады  | 4     | 0    | 0    | 0    |
| 18 | Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды  | 0     | 0    | 0    | 4    |
| 19 | Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. | 0     | 0    | 0    | 4    |
|    | Барлығы:  | 90,8% | 2,6% | 5,3% | 1,3% |

| № | Қатысқан педагог саны | Толық келісемін | келісемін | келіспеймін | Толық келіспеймін |
|---|-----------------------|-----------------|-----------|-------------|-------------------|
| 1 | 4                     | 90,8            | 2,6       | 5,3         | 1,3%              |

### 9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1.Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі , орта білім беру ұйымдарын , сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбір кабинеттерде ішінара орындалмауы.Шешу жолы: мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру МАД кабинетін заманауи АКТ-мен жабдықтау нысанаға алынады.

2.МАД тәрбиешісі Ахметова Жанаргул Жарылғасынқызы мектеп бала-бақшасында жұмыс жасаған.Біздің



мектеп-гимназияға декреттік демалыстың орнына уақытша жұмысқа қабылданды Бұйрық №32 01.03.2023 ж.  
Өз еркімен жұмыстан босатылды Бұйрық №139 29.07.2024ж.

### 10. Қорытынды мен ұсыныстар

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы толық жазылған.
2. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған.
3. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізілген.
4. Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.
5. Сауалнамаға МАД тәрбиешілері 100% қатысым жасап, сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатындығын көрсетті.

Комиссия төрағасы:



Романова Жания Орынжаевна  
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

Муханбедиярова Дина Базарбаевна  
(толық аты-жөні)

СН  
(қолы)

Судейменова Ақгүл Сапаровна  
(толық аты-жөні)

Фарида  
(қолы)

Кушекбаева Фарида Абсатовна  
(толық аты-жөні)

Замзагул  
(қолы)

Кулмурзина Замзагул Жораевна  
(толық аты-жөні)

Бахыт  
(қолы)

Матаева Бахыт Зулхарнаевна  
(толық аты-жөні)

Гулмира  
(қолы)

Жүсіп Гулмира Тұрмұхановна  
(толық аты-жөні)

Динара  
(қолы)

Шанаева Динара Нургалиевна  
(толық аты-жөні)

Алия  
(қолы)

Канжагулова Алия Амангелдиевна  
(толық аты-жөні)

Жанат  
(қолы)

Абилова Жанат Мухидуллаевна  
(толық аты-жөні)

Нурлангул  
(қолы)

Суюндикова Нурлангул Улықпановна  
(толық аты-жөні)